

## Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 404-VII ПС Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 1996 жылғы 8 ақпандағы Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне осы Қаулыға қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Конституциялық заңдар мен заңдарды қабылдау тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін.

3. Осы Қаулы оның 2-тармағының ережесі ескеріле отырып, қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының Төрағасы*

*М. ӘШІМБАЕВ*

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
2022 жылғы 22 желтоқсандағы  
№ 404-VII ПС Қаулысына  
Қосымша

## Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар

1) 9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сенат отырыстарында сөз сөйлеудің мынадай түрлері көзделеді: талқыланып жатқан мәселе бойынша баяндама, қосымша баяндама, қорытынды сөз, талқыланып жатқан мәселенің мазмұны, талқыланатын кандидатуралар бойынша жарыссөздер, ұсыныстар енгізу кезінде дауыс беру жағдаяттары жөнінде, отырысты жүргізу тәртібі жөнінде сөйленетін сөздер, сондай-ақ сауалдар, сұрақтар, сұрақтарға жауаптар, анықтамалар, ақпараттар, мәлімдемелер, үндеулер.

Сенат отырысында, осы Регламенттің 3-1 және 5-тарауларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бас комитет уәкілеттік берген депутат Мәжіліс қабылдаған заң бойынша баяндама жасайды.

Осы Регламенттің 3-1 және 5-тарауларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мәжіліс қабылдаған заң бойынша Сенат отырысында қосымша баяндама жасау көзделмейді.

Палатаның шешімі бойынша бас комитет уәкілеттік берген депутат негізгі және ілеспе заңдар бойынша бір баяндама жасай алады.

Заң жобасының бастамашысы не оның өкілдері, Сенат отырысына шақырылған өзге де лауазымды адамдар қажет болған жағдайда түсініктеме береді және депутаттардың сұрақтарына жауап береді.";

2) 15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қазақстан Республикасы Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Мемлекеттік кеңесшінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының ашық отырыстарға да, жабық отырыстарға да қатысуға және сөзін тыңдатуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Президентіне оның өтініші бойынша кез келген уақытта сөз беріледі.

Жоғарғы Соттың Төрағасы, Конституциялық Соттың Төрағасы Сенаттың шешімі бойынша Палатаның кез келген отырыстарына қатысуға құқылы.

Басқа адамдар Сенаттың жабық отырыстарына Сенат Төрағасының немесе оның тапсыруымен Сенаттың басқа лауазымды адамының қолы қойылып берілетін арнайы шақыруы бойынша ғана қатыса алады.";

3) 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Отырысқа қатысуының қажеттігі туралы жай көпшілік дауыспен Палатаның шешімі қабылданған мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды адамдары Сенатқа келіп, өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті түсініктемелер беруге міндетті.

Күн тәртібінің қаралып отырған мәселелері бойынша Сенаттың отырысына лауазымды адамдар Бюроның, Палатаның тұрақты комитеттерінің шешімі бойынша шақырылуы мүмкін.

Сенаттың отырысына шақырылатын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының, сарапшылар мен мамандардың жеке құрамын тиісті комитет белгілейді.

Қазақстан Республикасының Президентіне қатысты Палатаның мұндай шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Шақырылған адамдардың Сенат қызметіне араласуға құқығы жоқ, олар оның жұмысын мақұлдағандық немесе мақұлдамағандық көрсетуден тартынуға, белгіленген тәртіпті сақтауға және төрағалық етушінің билігіне бағынуға міндетті, ол бұл туралы оларға ескертеді.

Шақырылған адамдардың Сенат отырыстары залына келу тәртібін Сенат Аппаратының Басшысы белгілейді.

Шақырылған адамдарды Сенат отырыстарының өткізілетін күні мен уақыты туралы хабардар ету Сенат Аппаратына жүктеледі.

Депутаттар қызметін қамтамасыз ету мақсатында Сенат Аппаратының мемлекеттік қызметшілері Сенат Аппаратының Басшысы белгілейтін тәртіппен Палата отырыстарына қатысады.";

4) 28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Сенат Мәжіліс қабылдаған заңдарды мақұлдайды, сондай-ақ, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қаулылар мен өзге де актілерді қабылдайды.";

5) 30-тармақтағы "заң жобалары" деген сөздер "мәселелер" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 31-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Депутат әрбір мәселе бойынша дауыс беру кезінде шешім қабылдауға "жақтап" немесе "қарсы" дауыс бере отырып не шешім қабылдаудан қалыс қала отырып, бір дауысқа ие болады.";

7) 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Сенат қарап отырған мәселе бойынша дауыс беру үшін әрбір депутатқа бір бюллетень беріледі. Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді депутаттарға Санақ комиссиясының мүшелері Сенат депутаттарының тізіміне сәйкес олар депутаттық куәліктерін көрсеткеннен кейін береді.

Депутат бюллетеньдерді жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырады.";

8) 35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Белгіленбеген нысандағы бюллетеньдер, сондай-ақ:

1) Санақ комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған;

2) бірнеше кандидат (жауап нұсқасы) белгіленген (таңдалған) не белгіленген (таңдалған) кандидаттардың (жауап нұсқаларының) саны бос лауазымдар (қойылған мәселелер) санына сәйкес келмейтін;

3) дауыс берушілердің еркін білдіруін анықтау мүмкін болмаған;

4) белгі қарындашпен қойылған, өшірілген іздері бар бюллетеньдер жарамсыз деп саналады.

Толтырылмаған бюллетеньдер жарамды деп танылады, бірақ дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.";

9) 38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Сенат Мәжіліс қабылдаған заңдарды (бұдан әрі – заңдар) мақұлдайды.";

10) 39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Заң Парламент Регламентінің талаптарына сәйкес Сенатқа жіберіледі.";

11) 40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Заңды алғаннан кейін Сенат Аппаратында белгіленген тәртіпке сәйкес, бірақ бір жұмыс күнінен кешіктірмей оның толықтығына және оған қосымшалардың дұрыстығына тексеру жүргізіледі және тіркеледі.

Халықаралық шартты ратификациялау немесе оның күшін жою туралы заңды алған кезде, заңмен бірге халықаралық шарттың және оған қосымшаның тиісті уәкілетті орган куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер халықаралық шартты ратификациялау немесе оның күшін жою кезінде қазақ және (немесе) орыс тілдеріндегі мәтіндеріне қол қойылмаса, онда заңмен бірге оның аталған тілдерге аударылған, тиісті уәкілетті орган куәландырған тең түпнұсқалық аудармасы қоса беріледі.

Қажет қосымшалар болмаған жағдайда Сенат Аппараты белгіленген талаптарды орындау үшін құжаттарды тіркеместен Мәжіліске қайтарады.

Мәжілістен келіп түскен заң Сенат Аппаратында тіркелген күннен бастап, Парламент сессияларының аралығындағы уақытты есептемегенде, Сенатта алпыс күннен кешіктірілмей қаралады.

Егер Сенат заң тіркелген күннен бастап алпыс күн ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына ұсынылады.";

12) 41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Мәжілістен келіп түскен заң Сенатта тіркелгеннен кейін Сенат Бюросы ол бойынша қорытынды дайындау мерзімін және Палатаның оны дайындауға жауапты бас комитетін белгілейді және Сенат Аппараты арқылы заңды Сенаттың комитеттері мен Аппаратының бөлімдеріне жібереді.

Бас комитет Сенат комитеттерінің және Сенат Аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшелерінің заң бойынша қорытынды ұсыну мерзімін белгілейді, егер Палата Бюросы өзгеше белгілемесе, ол заң Сенатта тіркелген күннен бастап күнтізбелік бес күннен кем болмауға және күнтізбелік он күннен аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті заң жобасын қарауды басым деп айқындаған жағдайда, қорытынды дайындау үшін қажетті мерзім күнтізбелік бес күннен аспауға тиіс.

Сенат Бюросы заң бойынша бірнеше бас комитет белгілеуге құқылы.";

13) 41-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41-1. Палатаның шешімімен заңдар екі және одан да көп оқылымдарда қаралуы мүмкін.";

14) мынадай мазмұндағы 41-2-тармақпен толықтырылсын:

"41-2. Бас комитеттің шешімі бойынша заңды қарау жөніндегі жұмыс тобы құрылады.

Бас комитеттер болып табылмайтын тұрақты комитеттер заңды қарау жөніндегі жұмыс тобының құрамына кіретін депутатты (депутаттарды) айқындайды.

Жұмыс тобына жергілікті өкілді органдардың депутаттары, мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың, оның ішінде қоғамдық

бірлестіктер мен өзге де коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, мамандар мен ғалымдар тартылуы мүмкін.

Жұмыс тобының отырыстарына жұмыс тобының құрамына кірмейтін Сенат депутаттары қатысуға құқылы.

Бас Комитетте және жұмыс тобында заңды талқылау ашық түрде өтеді.";

15) мынадай мазмұндағы 41-3-тармақпен толықтырылсын:

"41-3. Бас комитет болып табылмайтын тұрақты комитеттің отырысында заң бойынша Комитет уәкілеттік берген депутат баяндама жасайды.

Тұрақты комитеттің заң бойынша қорытындыны белгіленген мерзімде ұсынбауы оның алдын ала мақұлданғанын білдіреді.";

16) 42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Талқылау қорытындылары бойынша Сенат мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) заң бірінші оқылымда мақұлдансын;

2) заң мақұлдансын;

3) заң тұтастай мақұлданбасын және Мәжіліске қайтарылсын;

4) заңның жекелеген баптары мақұлданбасын және заң Мәжіліске қайтарылсын. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясын ұсынуға құқылы.

Палатаның шешімі Сенаттың тиісті қаулысымен ресімделеді.

Заңның жекелеген нормаларын қосымша зерделеу қажеттігі туындаған ерекше жағдайларда, Сенат оны қарау үшін Палатаға бөлінген жалпы конституциялық мерзімдердің шеңберінде оны әзірлеуге арналған мерзімді белгілей отырып, осы мәселені қарауды кейінге қалдыруға не комитетке пысықтауға қайтаруға құқылы.";

17) 43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдасаса, онда шешім қабылданған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде заң Мәжіліске қайтарылады.

Заңға Сенаттың қаулысы, Сенат отырысының стенограммасы, сондай-ақ заң тұтастай мақұлданбаған кезде дәлелді қорытынды қоса беріледі. Заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясы ұсынылған жағдайда тиісті салыстырма кесте қоса беріледі.";

18) 44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Мәжіліс келіскен жекелеген баптардың ұсынылған редакциясымен Сенат Мәжіліске қайтарған заңдар Мәжіліс жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген заңдарға әрбір Палата төрағалары виза қояды және күнтізбелік он күн ішінде Сенат Төрағасының ілеспе хатымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына жіберіледі.

Егер заңмен халықаралық шарт ратификацияланса, онда осы шарттың куәландырылған көшірмесі заңмен бірге беріледі.

Конституциялық Сот Сенат Төрағасының не Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігін құрайтын Сенат депутаттарының өтініші бойынша Парламент қабылдаған заңдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін қарайды.

Мұндай өтініш болған жағдайда тиісті актілерге қол қою мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.";

19) 44-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44-1. Заңдардың қаралуына байланысты Сенат отырыстарына олардың әзірлеушілері болып табылатын немесе Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен оларды әзірлеу тапсырылған орталық органдардың лауазымды адамдарының қатысуы мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жұмыс топтарына – департамент директорлары немесе комитет төрағалары;

2) бас комитеттердің отырыстарына – бірінші басшылардың орынбасарлары;

3) Сенат отырыстарына – мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының орынбасарлары, ал Сенат басшылығының шешімі бойынша мемлекеттік органдардың бірінші басшылары қатысады.";

20) 45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Заңға жасалған барлық түзетулер бас комитеттің жұмыс тобына ескертпелер мен ұсыныстар түрінде табыс етіледі және жұмыс тобы бұларды салыстырма кестеге енгізеді. Депутаттардың жеке өздері берген түзетулер негізделуге, олардың бастамашылары қол қоюға және онда заңның не оның жекелеген құрылымдық элементтерінің ұсынылатын редакциясы қамтылуға тиіс.

Түзетулер республикалық бюджет туралы заңның немесе республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңның қосымшасына берілген жағдайда, түзетулерде түсімдер санаттарының, олардың сыныптарының, кіші сыныптардың және (немесе) функционалдық топтың, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бюджеттік бағдарламаның немесе тұтастай қосымшаның санаттарының редакциясы қамтылуға тиіс.

Бас комитеттің отырысында комитет уәкілеттік берген депутат (жұмыс тобының жетекшісі) заң бойынша баяндама жасайды.

Заң жобасының бастамашысы не оның өкілдері, бас комитеттің отырысына шақырылған өзге де лауазымды адамдар қажет болған кезде түсініктемелер береді және депутаттардың сұрақтарына жауап береді.

Бас комитет кеңейтілген отырыста түзетулерді қарайды, оларды комитет мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды немесе қабылдамай

тастайды және оларды қабылдау не қабылдамай тастау жөніндегі ұсыныстарды негіздей отырып, салыстырма кестені, бас комитеттің қорытындысын және Сенат қаулысының жобасын Палата отырысының қарауына ұсынады.

Заң нормаларының құқықтық мазмұнын өзгертпейтін редакциялық сипаттағы ескертпелер бас комитеттің салыстырма кестесіне енгізілмейді және қол қойылатын құжат ресімделген кезде ескеріледі.

Заң бойынша бас комитетке енгізілген түзетулерді олардың бастамашылары ғана алып тастай алады.

Ұсынысы тұрақты және бас комитеттердің қолдауына ие болмаған депутат оларды Палата отырысының талқылауына енгізе алады. Бұл жағдайда депутат ұсынған түзету дауысқа бірінші қойылады.

Егер бас комитет тұрақты комитет, депутат қабылдануын талап етіп отырған тұрақты комитеттің, депутаттың түзетуін қабылдамай тастауды ұсынса, онда осы түзету дауысқа қойылады.

Егер отырыста қараған кезде Сенат комитет немесе депутат ұсынған түзетуді қабылдасаса, заңның құрылымдық элементі немесе тұтастай заң бас комитет ұсынған редакцияда дауысқа қойылады.

Заңның түзету енгізілмеген құрылымдық элементтері Мәжілістің редакциясында дауысқа қойылады.

Сенаттың отырыстарында бас комитеттің салыстырма кестесіне енгізілген түзетулер ғана қаралады. Ерекше жағдайларда Палатаның шешімі бойынша депутаттың салыстырма кестеге енгізілмеген ұсынысы қаралуы мүмкін. Бұл ретте түзету кесте түрінде ресімделеді және онда ұсыныс беріліп отырған заңның құрылымдық элементінің мәтіні мен түзету енгізудің негіздемесі қамтылуға тиіс. Мұндай жағдайда Сенат, әдетте, бұл ұсынысты бас комитетке жібереді және ол комитетте талқыланғаннан кейін шешім қабылдайды.

Егер заңның сол бір құрылымдық элементіне бірнеше түзету енгізу ұсынылса, онда олардың қабылдануы немесе қабылданбауы басқа түзетулер туралы мәселелерді шешуге мүмкіндік беретіндері Сенаттың шешімімен алдымен талқылануы және дауысқа қойылуы мүмкін.

Палата отырысында шешім қабылдау барысында Сенат отырысы жүріп жатқан кезде заңға ауызша нысанда енгізіліп отырған түзетулерге дауыс беруге жол берілмейді .";

21) 46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Заң жобасының бастамашысы оны қараудың кез келген сатысында кері қайтарып алуға құқылы.

Кері қайтарып алу жазбаша түрде ресімделуге және Сенатқа енгізілуге тиіс. Заңнамалық бастама құқығын бірнеше депутат пайдаланған жағдайда, кері қайтарып алу оның барлық бастамашы-депутаттарының қолдарымен расталады.

Аса қажеттілік туындаған жағдайда Сенат Мәжіліске жіберілген заңды бас комитеттің ұсынысы бойынша кері қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.";

22) 47, 48 және 49-тармақтар алып тасталсын;

23) 50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Егер Мәжіліс көпшілік дауыспен заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына қарсы болса, сондай-ақ Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда Палаталар арасындағы келіспеушіліктер Парламент Регламентіне сәйкес келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Келісу комиссиясы Палата депутаттары арасынан тепе-теңдік негізде құрылады. Келісу комиссиясының мүшелерін Палата Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен сайлайды.";

24) 51-тармақ алып тасталсын;

25) 52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Заңның немесе оның жекелеген бөліктерінің келісу комиссиясының редакциясындағы мәтіні оны Мәжіліс қабылдағаннан кейін осы Регламенттің 39 және 40-тармақтарына сәйкес Сенатқа енгізіледі.

Келісу комиссиясының қаулысына заңның өзгерістер мен толықтырулар енгізілген баптарының салыстыру кестесі қоса тіркеледі.";

26) 53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қайталап талқылау мен дауысқа салу қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде өткізіледі. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

Егер Мәжіліс Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік дауысымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, онда заң Президент қарсылықтарымен қоса әрі қарай қарау үшін Сенатқа беріледі.

Сенаттың тиісті тұрақты комитеті қорытынды әзірлегеннен кейін заң немесе оның баптары Президенттің қарсылықтарын қоса Сенаттың жалпы отырысына шығарылады. Егер Сенат дауыс беру қорытындылары бойынша Президенттің қарсылықтарын еңсермесе, онда заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Егер Сенат Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік дауысымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, онда Президенттің заң бойынша қарсылықтары еңсерілді деп есептеледі. Бұл жағдайда заң немесе тиісінше оның баптары Парламент бірінші рет қабылдаған редакциясында қабылданды деп есептеледі және Сенат оны Президентке қол қоюға ұсынады.

Егер Президенттің қарсылықтары Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға енгізілген жағдайда, онда бұл қарсылықтар Парламент Регламентінде көзделген тәртіппен қаралады.";



27) 55-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55-1. Сенат конституциялық заңдар мен заңдарды қабылдау бойынша Парламенттің функциясын орындайтын кезеңде заң шығару бастамасы құқығының субъектісі конституциялық заң немесе заң жобасының (бұдан әрі – осы тармаққа қатысты заң жобасы) мәтінін Сенатқа қазақ және орыс тілдерінде, қағаз және электрондық жеткізгіштерде ресми түрде енгізеді.

Заң жобасына:

1) заң жобасын енгізу туралы Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған шешім;

2) егер заң жобасын Үкімет енгізсе, Үкіметтің қаулысы;

3) егер заң жобасына Сенат депутаттары бастамашы болса, олардың ұсынуы;

4) заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін жағдайлардан басқа, заңды қабылдау қажеттігінің негіздемесі, қабылданатын заң мақсаттарының, міндеттерінің, негізгі ережелерінің және болжамды экономикалық, әлеуметтік, заңдық, экологиялық салдарларының жан-жақты сипаттамасы бар түсіндірме жазба;

5) заңнамалық актілер Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін жағдайлардан басқа, қаржы-экономикалық есептер;

6) Сенат депутаттары бастамашы болған, мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды көбейтуді көздейтін заң жобасы бойынша Үкіметтің оң қорытындысы;

7) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын, Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары келісу рәсімінен өтпеген жағдайларды, сондай-ақ заңнамалық актінің жобасы Сенат депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін жағдайларды қоспағанда, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу парағы;

8) халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заң жобасы енгізілген кезде халықаралық шарттардың жасалу тілдерінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресми куәландырған олардың (депозитарий ресми куәландырған халықаралық шарттардың) көшірмелері, сондай-ақ халықаралық шарттардың жасалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органы ресми куәландырған олардың қазақ және орыс тілдеріне, егер олар жасалу тілі болып табылмаған жағдайда, аудармалары;

9) заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін жағдайларды қоспағанда, ғылыми сараптаманың қорытындысы, бар болған кезде сараптама кеңесі мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сараптамалық қорытындылары, қоғамдық кеңестердің ұсынымдары;

10) жобаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган; жұмыс тобының құрамы (егер ол құрылса); заң жобасы бойынша баяндамашы туралы мәліметтер көрсетілген анықтама парак;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы бойынша баптардың қолданыстағы және жаңа редакциясының салыстырма кестесі;

12) ұсыну қажеттігі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құжаттар қоса беріледі.

Заң жобасымен бірге тәуелсіз сараптаманың қорытындысы ұсынылуы мүмкін.

Заң жобасы Сенатқа енгізілгеннен кейін Сенат Аппараты белгіленген тәртіпке сәйкес, бірақ он жұмыс күнінен кешіктірмей оның толықтығын және оған қосымшалардың дұрыстығын тексеруді және тіркеуді жүргізеді.

Қажетті қосымшалардың бірі болмаған, сондай-ақ олардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері теңтүпнұсқалы болмаған жағдайда Сенат Аппараты құжаттарды тіркемей, осы Регламентте белгіленген талаптарды орындау үшін заң жобасының бастамашысына қайтарады."..";

28) 55-2, 55-3, 55-4, 55-5, 55-6, 55-7, 55-8, 55-9, 55-10, 55-11, 55-12, 55-13, 55-14, 55-15, 55-16, 55-17 және 55-18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"55-2. Сенат Парламенттің функцияларын орындаған кезеңде:

1) заң шығару бастамасы құқығы субъектілерінен Сенатқа келіп түскен заң жобаларын;

2) Мәжіліс қабылдаған заңдарды;

3) Мәжілісте оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғанға дейін тіркелген заң жобаларын;

4) Сенат Мәжіліске қайтарған заңдарды қарайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген заң жобалары мен заңдарды Сенат Төрағасының шешімі бойынша Сенат Аппараты Мәжіліс Аппаратынан талап ете алады.

55-3. Заң жобасын не осы Регламенттің 55-2-тармағында көрсетілген заңды Сенат Аппаратында тіркегеннен кейін Сенат Бюросы бас комитетті айқындайды, қорытынды әзірлеу мерзімін белгілейді және оны Сенаттың тұрақты комитеттері мен Аппаратына жібереді.

55-4. Осы Регламенттің 55-2-тармағында көрсетілген актілерді қарау қорытындылары бойынша Сенат мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) Мәжіліс қабылдаған заң бірінші оқылымда мақұлдансын;

2) Мәжіліс қабылдаған заң мақұлдансын;

3) Сенат немесе келісу комиссиясы ұсынған заңның немесе оның жекелеген баптарының жаңа редакциясымен Мәжіліс қабылдаған заң мақұлдансын;

4) Мәжіліс қабылдаған заң тұтастай мақұлданбасын;

- 5) заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданын;
- 6) заң қабылданын;
- 7) заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданын;
- 8) заң жобасы қабылданбасын.

55-5. Қабылданып, Сенат Төрағасының қолы қойылған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына жіберіледі.

55-6. Сенат Парламенттің функциясын орындаған кезеңде Президенттің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қайталап талқылау және дауысқа салу Президенттің қарсылықтары жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде өткізіледі. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

55-7. Президенттің қарсылығын туғызған заң немесе заңның баптары қайталап талқыланған жағдайда жұмыс тобы құрылмайды.

55-8. Президенттің қарсылықтарымен қайтарылған заңдар немесе заңның баптары Сенат Бюросының шешімімен Сенаттың тиісті тұрақты комитетінің қарауына беріледі, ол Президент өкілінің қатысуымен қорытынды дайындайды және оны заңмен немесе тиісінше оның баптарымен және Президенттің қарсылықтарымен Сенаттың қарауына енгізеді.

55-9. Егер қарсылықтарды Сенаттың тұрақты комитетінде және Сенаттың отырысында қарау нәтижелері бойынша Президент Сенат депутаттарының ұсыныстарын ескере отырып, қарсылықтарында тұтастай заңның не тиісінше оның жекелеген баптарының өзі ұсынған редакциясын өзгертсе, Сенат отырысында төрағалық етуші Президент өзгерістерімен қаралған қарсылықтарды бірден дауысқа қоюға құқылы.

55-10. Сенат отырысында қайталап талқылау Президент уәкілеттік берген лауазымды адамның сөз сөйлеуінен басталады, содан кейін талқылау үшін сөз бас комитеттің өкіліне және депутаттарға кезек ретімен беріледі.

55-11. Заңды немесе оның жекелеген баптарын Сенат отырысында қайталап талқылау және дауысқа салу кезінде, егер заң тұтастай Президенттің қарсылықтарын туғызған болса, дауысқа салу заң бойынша тұтастай не Президенттің қарсылықтарын туғызған баптар бойынша жүргізіледі.

55-12. Егер Сенат депутаттардың жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен, ал конституциялық заңдарға – төрттен үшінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президенттің заңдарға қарсылықтары еңсерілген болып есептеледі. Бұл жағдайда конституциялық заң, заң немесе оның баптары Парламент оны бірінші рет қабылдаған редакцияда қабылданған болып есептеледі және Президенттің қол қоюына беріледі.

55-13. Егер Президенттің қарсылықтары еңсерілмесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

55-14. Мәжіліс депутаттары сайланып, жаңа шақырылымдағы Парламенттің жұмысы басталғаннан кейін Мәжіліс өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуынан туындаған оның уақытша болмауы кезеңінде келіп түскен және Сенат қарамаған конституциялық заңдар мен заңдардың жобалары Мәжіліске беріледі.";

29) 55-15, 55-16, 55-17 және 55-18-тармақтар алып тасталсын;

30) 4-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Кодекстерді, оларға өзгерістер мен толықтыруларды қарау тәртібі

56. Мәжіліс қабылдаған Кодекстерді, оларға өзгерістер мен толықтыруларды (бұдан әрі – кодекстер, оларға өзгерістер мен толықтырулар) Сенат кемінде екі оқылымда қарайды.

57. Кодекстер, оларға өзгерістер мен толықтырулар Сенат Регламенті 40, 41-1, 41-2, 41-3, 117 және 118-тармақтарының талаптарына сәйкес қаралады.

58. Кодекстер, оларға өзгерістер мен толықтырулар бірінші оқылымда тұжырымдамалық тұрғыдан талқыланады. Талқылау нәтижелері бойынша Сенат бірінші оқылымда мақұлдау және оны екінші оқылымға әзірлеу немесе қабылдамау туралы қаулы қабылдайды. Бұл ретте дауыс беру Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жүргізіледі. Кодексті, оған өзгерістер мен толықтыруларды Сенат бірінші оқылымда мақұлдаған жағдайда бас комитет оларды екінші оқылымға дайындайды.

Бас комитет бірінші оқылымнан кейін кодексті, оған өзгерістер мен толықтыруларды, комитеттер мен депутаттар енгізген түзетулерді қайтадан қарайды, оларды салыстырма кестеге енгізеді және қорытынды дайындайды.

Кодексті, оған өзгерістер мен толықтыруларды екінші және одан кейінгі оқылымдарда талқылау осы Регламенттің 45 және 46-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

Сенат талқылау қорытындылары бойынша осы Регламенттің 42-тармағында көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.";

31) 59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Сенатқа келіп түскен жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заң бойынша Сенат Бюросының шешімімен бас комитет айқындалады.

Республикалық бюджет туралы заңды талқылау: республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының және бюджеттік параметрлерінің болжамы мен жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы бойынша – Үкімет уәкілеттік берген адамның, ақша-кредит саясаты бойынша Ұлттық Банкі Төрағасының баяндамаларын және Сенаттың бас комитеті өкілінің қосымша баяндамасын қамтиды.

Әрбір сөз сөйлеушінің баяндамасы осы Регламенттің 10-тармағына сәйкес талқылануы тиіс.

Жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңды қарау және оны мақұлдау осы Регламенттің 3-тарауында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Палатаның шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Сенат отырысында Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары бойынша баяндама жасайды.";

32) 60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды қарау және оны мақұлдау осы Регламенттің 59-тармағына сәйкес жүргізіледі.";

33) 61-тармақтың екінші және үшінші абзацтарындағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" және "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның" және "Жоғары аудиторлық палата" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Сенат Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялау және олардың күшін жою туралы заңдарды мақұлдайды.

Халықаралық шарттарды ратификациялау және олардың күшін жою туралы заңдарды қарау осы Регламенттің 3-тарауында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

35) 63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Сенат Төрағасы Республиканың халықаралық шарттары ратификацияланғанға дейін олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау үшін Конституциялық Сотқа жүгінуге құқылы.

Осы шарттың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі мәселесі бойынша Конституциялық Сотқа жүгінген жағдайда тиісті актілерді ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

Парламент депутаттары жалпы санының кем дегенде бестен бір бөлігін құрайтын Сенат депутаттары Республиканың халықаралық шарттары ратификацияланғанға дейін олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау үшін Конституциялық Сотқа жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылған халықаралық шарттар ратификацияланбайды және қолданысқа енгізілмейді.";

36) 69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Сенаттың қызметке сайлау және қызметтен босату туралы шешімі Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Егер Сенат дауыс берудің өзгеше тәртібін белгілемесе, кандидатура ( кандидатуралар) бойынша шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Соттың судьясы лауазымына баламалы негізде сайлау үшін кандидатураларды ұсынған кезде бас комитет сайлау жөнінде ұсыным берген кандидатура бірінші болып дауысқа қойылады.

Шешім Сенат қаулысымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Президенті қызметке сайлау және қызметтен босату үшін ұсынған кандидатуралар қабылданбаған жағдайда Сенаттың шешімінде, осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қабылдамаудың жан-жақты дәлелі болуға тиіс.";

37) 7-тараудың 2-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банк Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру";

38) 7-тараудың 3-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыру";

39) 75-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сенаттың отырысына Бас Прокурор қатысады.";

40) мынадай мазмұндағы 75-1-тармақпен толықтырылсын:

"75-1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді ешкімнің тиіспеушілігі құқығынан айыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

Бас Прокурор Сенаттың келісімін алу үшін Палатаға тиісті жазбаша ұсыну енгізеді, ол келіп түскен күннен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады.

Келісім беру Палата Бюросының шешімімен айқындалатын Сенаттың тиісті комитетінің отырысында мәселе алдын ала қаралғаннан кейін Сенат отырысында жүзеге асырылады.

Комитет қараудың нәтижелері бойынша Сенат отырысында жарияланатын қорытынды шығарады.

Сенаттың отырысына Бас Прокурор қатысады.

Сенат отырысында:

тиісті лауазымды адамдарға сұрақтар қойылуы;

депутаттар енгізілген ұсынуды "қолдап" немесе оған "қарсы" пікір айтуы мүмкін.

Егер депутаттар талап етпесе, ұсыну бойынша жарыссөз ашылмауы мүмкін.

Сенат тиісті лауазымды адамдардан қосымша ақпарат ұсынуды талап етуге құқылы.

Сенат тиісті қаулымен ресімделетін шешім қабылдайды және оны үш күн мерзімде Бас Прокурорға жібереді.";

41) 8-тараудың 1-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының және Жоғары аудиторлық палатасының мүшелерін лауазымға тағайындау, олардың өкілеттіктерін тоқтату және лауазымнан босату.";

42) 81-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"81. Сенат Палата Төрағасының ұсынуы бойынша Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Конституциялық Соттың үш судьясын, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін қызметке тағайындайды.";

43) 81-1-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"81-4. Сенат тағайындаған, Конституциялық Сот судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы және Жоғары аудиторлық палата мүшелерінің өкілеттіктерін Сенат Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша тоқтатады және лауазымнан босатады.

Лауазымнан босатылатын Конституциялық Сот судьясының, Орталық сайлау комиссиясы және Жоғары аудиторлық палата мүшесінің кандидатурасы мәселе Сенат отырысында қаралғанға дейін Палата Бюросының шешімімен айқындалатын Сенаттың тиісті комитетінің отырысында алдын ала талқылауға жатады.";

44) 102-тармақтың үшінші абзацындағы "заң жобаларын және Сенаттың өзге де шешімдерін қараудың" деген сөздер "отырыстарда қаралатын мәселелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 103-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

46) 116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"116. Заң жобалау жұмысын жүргізу, Палатаның қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарау мен әзірлеу үшін құрылған Сенат комитеттері:

Мәжілістен келіп түскен заңдарға қорытындылар әзірлеуді жүзеге асырады;

заң жобаларын әзірлеп, алдын ала қарайды;

парламенттік тыңдаулар өткізуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдардың ережелерін іске асыруға жәрдемдеседі;

өз қызметі мен Палата қызметін ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

Сенаттың қарауына жататын өзге де мәселелерді қарауға қатысады.

Сенат комитеттерінің шешімдері комитет мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.";

47) 117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"117. Қорытындылар әзірлеу тапсырылған комитет Сенат Бюросы көрсеткен мерзім ішінде Сенаттың басқа комитеттерінің ескертулері мен ұсыныстарын жинақтайды, Мәжіліс қабылдаған заңды қарайды және ол жөнінде қорытынды қабылдайды.

Қорытынды әзірлеу мерзімін ұзарту қажет болған жағдайда комитет төрағасы Сенат Төрағасына мерзімді өзгерту жөнінде дәлелді өтініш жасайды.

Заңды комитетте қарау ашық өткізіледі. Комитет өз отырыстарына заң жобасының бастамашысын, оның өкілдерін, жергілікті өкілді органдардың депутаттарын, сарапшы ретінде мамандар мен ғалымдарды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерін

шақыра алады. Комитет, әдетте, кемінде үш күн бұрын депутаттар мен барлық мүдделі тараптарды отырысты өткізу уақыты мен орны туралы хабардар етеді.

Егер заң бойынша қорытынды әзірлеу бірнеше комитетке тапсырылып, ортақ қорытынды алынбаса, әрбір комитет өз қорытындысын табыс етеді.";

48) 118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"118. Заңдар бойынша бас комитет мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

1) Сенатқа заңды бірінші оқылымда мақұлдауды ұсыну;

2) Сенатқа заңды мақұлдауды ұсыну;

3) Сенатқа заңды тұтастай мақұлдамауға және оны дәлелді қорытындымен Мәжіліске қайтаруды ұсыну;

4) Сенатқа Заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және заңды дәлелді қорытындымен және бұл ретте Заңның осы баптарының жаңа редакциясымен Мәжіліске қайтаруды ұсыну.

Қорытынды әзірлеуге жауапты комитеттің қорытындысы заңның мәтініне комитеттің пікірі бойынша барлық қажетті өзгерістермен және толықтырулармен қоса Сенаттың Төрағасына табыс етіледі. Комитет Сенаттың тиісті қаулысын да әзірлейді.".

49) 121-тармақтың бірінші бөлігі алып тасталсын;

50) 122-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"122. Комитет қаралатын мәселелерді дайындау және парламенттік тыңдауларды ұйымдастыру үшін Сенат депутаттарын, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдерін, сондай-ақ мамандар мен ғалымдарды тарта отырып, жұмыс топтарын құра алады.

Комитет өз жұмысына сарапшылар ретінде әртүрлі бейіндегі мамандарды тартуға, сондай-ақ заң жобасына не қаралатын заңға тәуелсіз сараптама тағайындауға құқылы. Комитеттер бірлескен отырыстар өткізуге құқылы.

Комитет нақты заң жобасы не заң бойынша келіп түскен азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын пайдалануға құқылы.

Комитет әлеуметтік зерттеулер жүргізу туралы, сондай-ақ заң жобасын әзірлеу және ол бойынша тәуелсіз сараптама тағайындау туралы шешім қабылдауға құқылы.".

51) 127-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"127-3. Сенат жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың шешімі мәлімет үшін Сенат Төрағасына ұсынылады, сондай-ақ Палата жұмысында, оның ішінде парламенттік тыңдаулар мен "үкімет сағаттарын" дайындау кезінде ескеріледі.".

52) 130-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"130-1. Депутат заң жобасына бастамашылық жасау үшін Парламент пен жергілікті өкілді органдардың депутаттарын, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдерін, сондай-ақ мамандар мен ғалымдарды тарта отырып, заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобын құра алады.";

53) 134-тармақтың екінші бөлігінде:



тоғызыншы абзац "баяндамашыларға" деген сөзден кейін " , заң жобасы бастамашысының өкілдеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

он бірінші абзацтағы "заңдардың" деген сөз "заңдардың жобаларына және заңдарға," деген сөздермен ауыстырылсын;

54) 145-тармақтың екінші бөлігінде:

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына және мүшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бас Прокурорға" деген сөздерден кейін "не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына" деген сөздермен толықтырылсын;

55) 147-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауалға қайтарылған жауап пен оны талқылау нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда Парламенттің немесе Сенаттың қаулысы қабылданады.";

56) 148-тармақтағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне" деген сөздер "Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы мен мүшелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

57) 165-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"165. Сенаттың Төрағасы:

Сенат отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

Сенаттың қарауына енгізілетін мәселелердің әзірленуіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

Палатаға Палата Төрағасының орынбасарлары қызметіне сайлауға кандидатуралар ұсынады, сондай-ақ олардың арасындағы міндеттерді бөледі;

Сенат Регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

Сенаттың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;

Сенат шығаратын актілерге қол қояды;

Палатаға Конституциялық Соттың үш судьясын, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін қызметке тағайындау үшін кандидатураларды ұсынады;

Сенаттың кезекті отырысы күн тәртібінің жобасын әзірлейді;

Сенаттың кезектен тыс отырыстарын шақырады;

Мәжіліс қабылдаған және Сенат мақұлдаған заңдарды қол қою үшін Қазақстан Республикасының Президентіне жібереді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ шет мемлекеттердің парламенттерімен өзара қатынастарда Сенаттан өкіл болады;

Мәжіліс Төрағасымен бірге Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырысын шақыру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізеді;

Сенаттың Конституциялық Соттағы өкілдерін белгілейді;

Мәжіліс Төрағасымен келісу бойынша Сенат Бюросына Парламенттің парламентаралық ынтымақтастық ұйымдарындағы өкілетті өкілі лауазымына тағайындауға кандидатураны ұсынады;

тұрақты комитеттің өтініші бойынша оған Палата депутаттарының мемлекеттік органдармен және лауазымды адамдармен кездесуін ұйымдастыруды жүктейді және Сенат Төрағасының Орынбасарына оған төрағалық етуді тапсырады;

Заң шығарушылық жұмыстың тұжырымдамалық жоспарын келіседі;

жеке мәселелер бойынша азаматтардың хаттарын, шағымдарын және басқа да өтініштерін қарауды Палата Аппаратына тапсырады; мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ азаматтардың заң шығарушылық жұмыс мәселелері бойынша өтініштерін комитеттердің шешуіне береді;

өзіне Сенат Регламентімен жүктелген басқа да міндеттерді атқарады;

осы Регламентке және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Сенат қызметін ұйымдастырудың өзге де мәселелерін шешеді.

Сенатта дауыс берген кезде депутаттардың даусы тең бөлінген жағдайда Сенат Төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Сенат Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.";

58) 179-тармақтың екінші бөлігінің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сенат депутаттарын заңдар бойынша қазақ және орыс тілдерінде ақпараттық, ақпараттық-талдамалық материалдармен қамтамасыз ету;".